

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(Қаратаев Ф., Ержан Қ., Ахметбеков Ж.)

2020 жылғы 7 қазандағы № ДС-158

### Құрметті депутаттар!

Мектепке дейінгі ұйымдарда жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бюджет кодексінің 55, 56-баптарына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыруды жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне<sup>1</sup> (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес бір білім алушыға жан басына шаққандағы қаржыландырудың орташа нормативін жергілікті атқарушы органдар дербес анықтайды.

Мектепке дейінгі ұйымдағы 1 балаға жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін есептеу кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру үшін есептеу алгоритмі қолданылады, онда болу режимі (9 және 10,5-сағаттық болу режимдері, толық және толық емес күн болатын шағын орталықтар, санаторлық және түзету режимдері), жергілікті жер (ауылдық және қалалық), өңірлердің орналасуы (экология, радиация аймағы), коммуналдық және ағымдағы шығыстар бойынша аумақтық бөліну, даму мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін педагог қызметкерлерге қосымша ақы төлеу және т.б. ескеріледі.

Әдістемеге «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, атап айтқанда, лауазымдық айлықақылардың белгіленген мөлшеріне түзету коэффициентін енгізу (жыл сайын 25%-ға ұлғайту 2020 жылдан

<sup>1</sup> «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы.

2023 жылға дейін) және педагогтердің еңбек демалысының ұзақтығын күнтізбелік 56 күнге дейін ұлғайту бойынша өзгерістер енгізілді.

Әдістемеге сәйкес мектепке дейінгі мекеменің 1 тәрбиеленушісіне жалпы мақсаттағы топтар бойынша орташа жан басына шаққандағы норматив 2020 жылы - 29623 теңге, 2021 жылы – 38023, 2022 жылы – 41595, 2023 жылы – 44 945 құрады. Бұл ретте қаржыландырудың құны баратын балалардың санына қарай қалыптастырылады (*шағын орталық, 9 және 10,5 сағаттық болу режимдері және т.б.*).

Шаралардың шығындылығына және жергілікті бюджетке түсетін елеулі жүктемеге байланысты 2020 жылдан бастап 2023 жылға дейін лауазымдық айлықақылар мөлшерін жыл сайын 25%-ға ұлғайтуға республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлінетін болады. 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында осы мақсаттарға – 284,8 млрд теңге, оның ішінде жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарға 123,8 млрд теңге көзделген.

Сондай-ақ Білім және ғылым министрлігі Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына<sup>2</sup>, тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қолданылуы кезеңінде мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға көрсетілетін қызметтер көлемін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша қаржыландыру бөлігінде өзгеріс енгізді. Төлемдердің көлемі мен мөлшері жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне сәйкес айқындалады.

Жалпы, сіздер көтерген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**

Орынд.: Н.Е. Абдрахимов  
Тел.: 74-54-10

---

<sup>2</sup> «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінде, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.